

**"Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік кірістер
комитеті" республикалық
мемлекеттік мекемесі**

Қазақстан Республикасы 010000,
Сарыарқа ауданы, Жеңіс Даңғылы 11



**Республиканское государственное
учреждение "Комитет
государственных доходов
Министерства финансов
Республики Казахстан"**

Республика Казахстан 010000, район
Сарыарқа, Проспект Жеңіс 11

01.07.2025 №ЖТ-2025-02177154

БАҚБЕРГЕН ЕРНҰР ДӘУЛЕТҰЛЫ

На №ЖТ-2025-02177154 от 30 июня 2025 года

Бақберген Ернұр Дәулетұлы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – Комиет) 2025 жылғы 30 маусымдағы №ЖТ-2024- 05790171 сұрау салуды қарастырып, өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Кодексінің (бұдан әрі Салық кодексі) 19-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес салық органдары өз құзыреті шегінде салықтық міндеттеменің туындауы, орындалуы және тоқтатылуы жөнінде түсіндірмелерді жүзеге асыруға және түсініктемелер беруге міндетті. Бірінші және екінші сұрақтар бойынша: Банк шотына 300 мыңан артық ақша түссе және оның жартысы үкіметке берілуі тиіс деген ақпарат шындыққа жанаспайды және Қазақстан Республикасының ешбір заңнамалық актілеріне негізделмеген. Комитет ресми ақпарат көздеріне сену керектігін еске салады. Үшінші сұрақ бойынша: Мобильді аударымдарды бақылау жасырын кірістерді және тіркелмеген кәсіпкерлерді анықтауға бағытталған, себебі көптеген кәсіпкерлер тауарлар, жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін төлемді кәсіпкерлік қызметке арналмаған жеке шоттарына алады. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 1-бабының 35-2-тармағына сәйкес мобильдік төлемдер – дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның, жеке практикамен айналысатын адамның, заңды тұлғаның пайдасына тауарды сатып алғаны, жұмыстарды орындағаны, қызметтерді көрсеткені үшін ақы төлеуге электрондық нысанда бастамашылық жасалған, мобильдік қосымша немесе штрих кодты пайдалана отырып, төлемдер қабылдауға арналған өзге де жабдық (құрылғы) арқылы алынатын қолма-қол ақшасыз төлемдер. Осылайша, Заңда кәсіпкерлік қызметте пайдалануға арналған мобильді төлемдерге қойылатын талаптар белгіленген. Осыған байланысты мемлекеттік кірістер органдары екінші деңгейлі банктермен бірлесе отырып, белгіленген өлшемшарттар бойынша мобильді аударымдарға бақылау жүргізеді. Тиісінше кәсіпкерлік қызмет белгілері бар барлық жеке тұлғалардың мобильді аударымдары салықтық бақылауға жатады. Бұл ретте жеке тұлғалар арасында жеке мақсатта қолма-қол ақшасыз ақша аударуға арналған және кәсіпкерлік қызметте пайдалануға арналмаған мобильді аударымдар салық салуға жатпайды. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан


Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

әрі – ӘРПК) 22-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Сіз ӘРПК-ның 91-бабында көзделген тәртіппен лауазымды адамдардың қабылданған шешіміне (әкімшілік актісіне) не әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдануға құқылысыз. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының орынбасары С. Ахметов орынд. А. Нұрлыбеков тел: 71 79 13

Төраға орынбасары

АХМЕТОВ СЕИЛЖАН АДІЛХАНОВИЧ



Орындаушы

НУРЛЫБЕКОВ АЗАМАТ ТЛЕУБАЕВИЧ

тел.: 7777777777

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.